

Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын қорғау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Жеке және заңды тұлғалардың еркін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына кедергілерді жою мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 4-тармағына, 40-бабының 2-тармағы мен 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің орталық және жергілікті атқарушы органдарға кәсіпкерлік қызмет субъектілерінен Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделмеген төлемдер алу жөнінде өкілеттік беретін нормативтік актілер шығаруына тыйым салынсын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ алып тасталды - ҚР Президентінің 2004.03.10. N 1301 жарлығымен .

3. Барлық деңгейлердегі орталық және жергілікті атқарушы органдарға:

1) меншіктің нысандарына қарамастан жеке кәсіпкерлер мен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне Қазақстан Республикасының заң актілері мен халықаралық шарттарында көзделмеген шектеулер қою жолымен араласуға;

2) кәсіпкерлік қызмет түрлерімен айналысуға лицензиялар мен заң актілерінде көзделген рұқсаттар беру құқығын мемлекеттік мәртебесі жоқ ұйымдарға тапсыруға ;

3) белгіленген лицензиялық алымнан тыс төлем ала отырып, лицензиялау алдындағы қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ осы мақсатта, қазыналық кәсіпорындарды, сол сияқты алкоголь өнімін өндіруді лицензиялауға, этил спиртін сақтау мен өткізуге, алкоголь өнімін сақтау мен көтерме сатуға қатысты лицензиялау алдындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, қандай да болмасын ұйым құруға тыйым салынады.

4. Мыналардың күші жойылсын:

1) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 21 сәуірдегі N 320 қаулысы "Паспорт және виза жұмысы жөнінде халыққа қызмет көрсетуге

ақы төлеу тәртібі туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 13, 163 - құжат) ;

2) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 тамыздағы N 735 қаулысы "Республикадағы машина-трактор паркінің техникалық жайына мемлекеттік қадағалау туралы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 33, 383-құжат, 1994 ж., N 15, 142-құжат, 1997 ж., N 15, 121-құжат) ;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 шілдедегі N 1093 қаулысы "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 тамыздағы N 676 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 31, 285-құжат);

4) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 қарашадағы N 967 қаулысының 4-тармағының бесінші абзацы "Жол қозғалысы хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 45, 654-құжат, 1995 ж., N 12, 143-құжат, 1997 ж., N 15, 121 - құжат) ;

5) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 маусымдағы N 900 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Республикалық астық инспекциясы жөніндегі ереженің 10-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 22, 258-құжат, 1996 ж., N 35, 327-құжат).

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай ішінде:

1) осы Жарлыққа қайшы келетін өзінің барлық актілерінің, соның ішінде орталық және жергілікті атқарушы органдарға кәсіпкерлік қызмет субъектілерінен Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделмеген төлемдер алуға өкілеттік беретін актілерінің күшін жойсын;

2) мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын қысқарту мен ретке келтіру және олардың санын азайту жөнінде шаралар қолдансын;

3) сертификацияланатын тауарлар тізбесін қысқартатын болсын және өнімді сертификациялаудан технологиялық процестердің сапасын сертификациялауға көшу жөнінде шаралар қолдансын;

4) Алымдардың, ақша аударымдары мен төлемдердің бірыңғай мемлекеттік тізілімі туралы ережені әзірлеп, бекітсін;

5) кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне мемлекеттік органдардың қызметтер көрсетуінің рәсімдерін бекітсін;

6) Мемлекеттік органдардың қызметі үшін ақы төлеуді белгілеу туралы ережені күшіне енгізсін, осындай ақының мөлшері оларды көрсетуге кеткен шығындарға қарай анықталатын болсын;

7) Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне:

- жеке кәсіпкерлер мен саны 10 адамнан аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектілерін, салық органдарын, сондай-ақ қозғалған қылмыстық істер бойынша прокуратура органдары рұқсат берген тексерулерді қоспағанда, мемлекеттік бақылау органдарының тексеруге тиіс еместігін;

- лицензиялануға тиіс кәсіпкерлік қызмет түрлерінің, атап айтқанда: автокөлікпен жолаушылар мен жүктер тасымалдаудың, туристік қызметтің, қоғамдық тамақтандырудың, май құю станцияларын ұстау мен пайдаланудың және басқалардың қысқартылуын;

- мемлекеттік органдардың тексерілетін кәсіпкерлік қызмет субъектілерімен шарттық қатынастарын болдырмауды;

- лицензиялық алымның лицензияның берілу сәтіне бір жолғы төлене отырып, лицензияларды кәсіпкерлік қызметтің тиісті түрімен айналысудың күллі кезеңіне беруді;

- мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруды мемлекеттік емес ұйымдарға, соның ішінде қоғамдық бірлестіктерге бергені үшін заң алдындағы жауапкершілігін көздейтін заңдардың жобасы енгізілсін;

8) кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің хабардарлығын қамтамасыз ету үшін бұқаралық ақпарат құралдарында бақылау функцияларын және тиісті лицензиялар мен рұқсаттар беру құқығына ие мемлекеттік органдардың толық тізбесін, сондай-ақ осы лицензиялар мен рұқсаттарды беру тәртібін және алынатын ақы мөлшерін жариялайтын болсын.

6. 1998 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде орталық және жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның аймақтық бөлімшелеріне сараптама жасау және тіркеу үшін өздерінің нормативтік құқықтық актілерін табыс ететін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасы Әділет министрінің ұсынысы бойынша орталық атқарушы органдардың, барлық деңгейлердегі әкімдердің мемлекеттік тіркеуден өтпеген нормативтік құқықтық актілеріне наразылық келтіріп, олардың күшін тоқтататын болсын.

Орталық атқарушы органдар басшылары мен барлық деңгейлердегі әкімдердің өздерінің нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу үшін табыс етпеуі аталған лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік іс қозғауға негіз болып табылады деп белгіленсін.

8. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

9. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК